



Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

Instagram: saran_today, saran_gazeti

Facebook: sarangazeti

Website: sarangazeti.kz

»» НОВОСТИ РЕГИОНА

В Карагандинской области выбрали лучших знатоков и интерпретаторов творчества Абая



В Караганде завершился областной конкурс, посвящённый 180-летию великого казахского поэта, мыслителя и просветителя Абая Кунанбайұлы. Творческое состязание под названием «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» объединило школьников,

студентов, молодых художников и литераторов региона.

На конкурс поступило около двух тысяч заявок. В финал вышли 57 участников из Караганды, Темиртау, Балхаша, Сарани, Абая, а также из Актогайского, Бухар-Жырауского,

Нуринского, Осакаровского, Каркаралинского и Шетского районов. Соревнования проходили в четырёх номинациях: выразительное чтение стихов Абая «Көркемсөз шебері», интерпретация и анализ «Слов назидания» — «Даналық үні – қара сөз», художественные работы по мотивам поэта «Абай әлемі – сурет тілімен», а также студенческие эссе «Ақыл, қайрат, жүрек – бүгінгі жасқа бағыт».

Заместитель акима области Әлібек Әлденей, обращаясь к финалистам конкурса, отметил, что «понимать Абая — означает понимать философию казахского народа».

Работы конкурсантов оценивало квалифицированное жюри в составе учёных, филологов и художников.

— Участники показали прекрасную подготовку. Караганда — сильный регион, где сформировалась хорошая литератур-

ная школа, — отметил один из членов жюри — Базарбек Атыгай.

В номинации «Абай әлемі – сурет тілімен» первое место заняла Лаура Талашова, ученица 11-го класса школы-лицея №1 города Сарани.

Второе и третье места заняли Наргиз Маубаева из Караганды и Анастасия Семёнова из посёлка Молодёжного.

Лучшее эссе у Альфины Таубалды, студентки 3-го курса филологического факультета КНУ имени Е. Букетова. На втором месте — курсант Карагандинской академии МВД имени Б. Бейсенова Рабиға Асанова, третье заняла Арина Сосновская, студентка факультета философии и психологии.

Особый интерес вызвала номинация «Көркемсөз шебері», на которую поступило свыше тысячи заявок.

Среди младших школьни-

ков первое место заняла Алуа Анарбаева из 8-го класса школы имени Ж. Ташенова (Караганда), среди старших победил десятиклассник Нұрасем Серик из Шетского района.

Студент колледжа Абдулла Кошиков, занявший третье место в чтении «Слов назидания», рассказал:

— Я впервые участвую в таком конкурсе. Сейчас знаю наизусть 25 слов Абая, а для финала подготовил 18-е. Они учат ценить разум, образование и честь. Творчество Абая нужно шире преподавать молодёжи и даже школьникам начальных классов.

Более 160 художественных работ, свыше тысячи заявок на чтение произведений Абая и десятки эссе подтверждают неизменный интерес молодёжи к творческому наследию великого поэта.

GOV.KZ

»» СҮЙІНШІ

21–25 қараша күндері аралығында Италияның астанасы – Рим қаласында әлемнің 18 елінен жиналған 623 команданы бір аренада тоғыстырған Fibonacci International Robot Olympiad халықаралық финалы жоғары деңгейде өтті. Қазақстан атынан 59 команда мен 96 қатысушы қатысып, ел намысын қорғады. Нәтижесінде 19 алтын, 13 күміс, 8 қола медаль және 12 «Jury Award» мотивациялық жүлде жеңіп, еліміздің абыройын әлемдік аренада жоғары көтерді. Қазақстан барлық 18 елдің ішінен медаль саны бойынша 1-орынға шығып, Fibonacci олимпиадасының абсолютті көшбасшысы атанды.

Ел намысын қорғаған командалар арасында Саран қаласының білім бөліміне қарасты №17 мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушылары: Антон Евсеев пен Тимур Каримовтан құралған «Robo Stars Saran jr» командасы ерекше көзге түсті. Олар LegoFootball (робофутбол) санатында ел намысын қорғап, техникалық шеберліктерін, командалық ойын мен стратегиялық ойлау қабілеттерін дәлелдеп, әлемдік деңгейде 2-орынға ие болды.

— Бізге бұл жеңіске жету оңайға соқпады. Біз оған ұзақ жүрдік. Бастапқыда Түркияның Анталия қаласында өтетін жарыста өз командамы-

Робототехника әлеміндегі жас жұлдыздар: «ROBO STARS SARAN JR» командасының жетістігі



зды таныстыруға лицензия алдық. Робофутбол – бұл жай ғана роботтармен футбол ойнау емес. Робофутбол — роботтарды құрастыру және тікелей бағдарламалау үдерісі. Яғни, робот ережелерге және талаптарға сәйкес болуы керек. Оның салмағы, бойы барлығы ескеріледі. Италияға жолдама алып, енді Римге келгенде ережелердің өзгергенін түсіндік. Бұған не себеп болғаны белгісіз, өйткені Анталияда мүлде басқа талаптар қолданылған еді. Біз де басқа-

ша дайындалдық. Соған қарамастан, бірден өзімізді жинап, роботтарды реттеуге кірістік. Бұл – тәжірибемізді байытқан, жаңа жағдайға бейімделе алу қабілетімізді арттырған маңызды қадамдардың бірі болды, — деп өз әсерімен бөлісті №17 мектеп-гимназиясының информатика мен робототехника мұғалімі, «Robo Stars Saran jr» командасының жетекшісі Асель Акшалакова.

Роботтардың тілін таба білетін жас дарын иелерінің робототехникамен

айналысып жүргеніне 3 жылдан асты. Осы уақыт аралығында тек бір бағытпен шектелмей, түрлі категориялар бойынша жарыстарға қатысып келеді. Олар First Lego League, «Роболэнд», Fibonacci робототехника жарыстарында жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Жетекшілері: «Алдағы мақсат – қол жеткізген табыстарымызды еселеп, жаңа асуларды бағындыру, биіктен көріну», — дейді. Өйткені робототехника саласындағы мүмкіндіктер өте кен, бағыттар да сан алуан.

Қазір команда First Lego League жаңа маусымына қызу дайындық үстінде. Биыл қатысушылар археология бағытын қамтымақ. Осы орайда, жерлестеріміз ұсынылған тақырыпты тек сырт жағынан ашпай, маусымға толық дайындалу үшін балалар археология әлеміне терең бойлап, ғылыми ізденіс жүргізуде. Әрбір қатысқан жобаға, жарысқа үлкен жауапкершілікпен қарағанның арқасында үш жыл қатарынан Азия ойындарына барған. Биыл да үздіктер қатарынан көріну үшін көп еңбек етуде.

— Мектеп-гимназиясында жұмыс істеп жүргеніме бес жылдан асты. Балаларға сабақ бере бастағаннан-ақ олардың тілін тауып кеттім. Балалар ақпаратты бізге қарағанда әлдеқайда тез қабылдайды. Мен үшін олар жай ғана оқушы емес – менің отбасым, менің командам, — дейді ұстаз.

Бұл жеңіс — оқушылардың қажырлы еңбегі, жетекшілердің кәсіби дайындығы мен ата-аналардың қолдауының жемісі. Барлық қатысушыларды, ұстаздар мен ата-аналарды осы тарихи сәтпен құттықтаймыз!

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» МАҢЫЗДЫ

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктері: талдау нәтижелері және қорытындылар

Мемлекеттік қызметшілер еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау, тиімді еңбек жағдайлары, сондай-ақ, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғалуға қамтамасыз етілуге құқылы.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Департамент тарапынан мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын беру және іссапар шығындарын өтеу тәртібінің сақталуына талдау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Еңбек демалысын беру тәртібі

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 54-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге жыл сайынғы күнтізбелік 30 күндік ақылы еңбек демалысы және екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы беріледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу оның басталуына күнтізбелік үш күн қалғаннан кешіктірілмей, ал еңбек демалысы графиктен тыс берілген жағдайда – берілген күнінен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Алайда, талдау барысында 293 мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысына төлемақы заңда белгіленген мерзімнен кеш төленгені – яғни демалыс басталғаннан кейін ғана аударылғаны анықталды.

Іссапар шығындарын өтеу

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 57-бабы мемлекеттік қызметшілерге іссапар кезіндегі шығыстарды өтеуді міндеттейді. Соған қарамастан, бірқатар қызметшілерге жол жүру ақысы, тұрғын үй жалдау және тәуліктік шығындар белгіленген мерзімде төленбегені анықталды. Нақты айтқанда, 1177 қызметшінің іссапарға қатысты төлемдері кешіктіріліп жүргізілген.

Бұл жағдайлар Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, кеңес мүшелері тарапынан мемлекеттік органдар басшыларына заң талаптарын қатаң сақтау туралы ескерту жасалды.

Заңсыз үстеме жұмыс мәселесі
Департаментпен мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту фактілеріне де тұрақты мониторинг жүргізілуде. Тексеру ұйымдарға бару арқылы және қол жеткізуді бақылау жүйесін талдау арқылы іске асырылады. 2025 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша 133 қызметшінің құқығы тынығу сағаттарын беру арқылы қалпына келтірілді.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, икемді жұмыс кестесін қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Қазіргі таңда өңірде

36 қызметші осындай режимде жұмыс істейді, бұл олардың еңбек тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Арыз-шағымдар бойынша құқықтарды қорғау

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілермен қатар азаматтардың құқықтарын қорғау – Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басым бағыттарының бірі.

Мәселен, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерден түскен өтініштер негізінде жүргізілген тексерулер де құқық қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде 9 азамат пен 4 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін сақтау – олардың кәсіби міндеттерін адал және тиімді орындауына жағдай жасап қана қоймай, мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қоғамның мемлекетке деген сенімін арттыратыны сөзсіз.

Б. МАКЕЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары,
Әдеп кеңесі хатшылығының меңгерушісі

» ЖОЛДАУ 2025

Әлеуметтік дамудың жаңа бағыты

Өз жолдауында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік дамуының негізгі басымдықтарын белгіледі. Негізгі мақсат – азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту және әрбір адамның дамуы мен өзін-өзі іске асыруы үшін жағдайлар жасау.

Негізгі бағыттар:

- «Отбасы мен балаларды қолдау»: әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту, көп балалы отбасылар үшін жәрдемақылар мен жеңілдіктерді арттыру.

- «Білім беру»: білім беру сапасын арттыру, жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін енгізу.

- «Денсаулық сақтау»: медициналық қызмет көрсетуді жақсарту, денсаулық сақтау жүйесін дамыту.

- «Жұмыспен қамту»: жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлік пен өзін-өзі жұмыспен қамтуды қолдау.

Бұл инициативалар әрбір адамның дамуы мен өзін-өзі іске асыруы үшін тең мүмкіндіктерге ие әділетті және гүлденген қоғам құруға бағытталған.

Демек, Президент Жолдауы әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне серпін беретін маңызды құжат. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі нығайтуға және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Ж. НҰРАХМЕТОВА,
«Ақтас кенті әкімінің аппараты» ММ бас маманы

«Саран қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бізге берген мәліметіне сүйенсек, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, 2025 жылдың 15 қыркүйегінен бастап, 47-бапқа сай көппәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелеріне тұрғын үйді басқарудың екі нысанының бірін таңдау керек болады: мүліктің меншік иелері бірлестігі немесе тікелей бірлесіп басқару.

Мүліктің меншік иелері бірлестігі (ММИБ):



Көппәтерлі үйлерді басқару жүйесінде жаңа өзгерістер

Бұл басқару нысаны пәтер саны 36 және одан көп болатын көппәтерлі тұрғын үйлерде құрылады. Аталған нысан мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады. Үй кеңесінің шешімімен ММИБ төрағасын үш жыл мерзімге сайлайды. Банкте ағымдағы және жинақ шоттары ашылады.

Мүліктің меншік иелері бірлестігі - көппәтерлі үйдің ортақ мүлкін басқаруды қамтамасыз етеді, меншік иелерінің өзара әрекеттесуін үйлестіреді, ғимараттың күтімі мен пайдаланылуы, коммуникациялардың техникалық қызметі және басқа да тіршілікке қажетті мәселелерді шешеді.

Тікелей бірлесіп басқару (ТББ)

Бұл нұсқа пәтерлер саны 36-дан аз болатын шағын үйлерге арналған. Мұндай басқару нысаны заңды тұлға құруды немесе ағымдағы және жинақ шоттарын ашуды талап етпей, пәтер иелерінің хаттамалық жиналысы арқылы қалыптасады. Меншік иелері ортақ мүліктің ағымдағы күтімі мен жөндеу мәселелерін бірлесіп шешеді.

Пәтер иелері кооперативтерін (ПИК/КСК) қайта ұйымдастыру

Маңызды өзгерістердің бірі – пәтер иелері кооперативтерінің (КСК) басқарушы компания мәртебесінен

басқару субъектілері санатына ауысады. Бұрынғы КСК өздігінен басқарып-шешім қабылдау құқығынан айырылып, кондоминиум объектісін басқару қызметтерін көрсететін мердігерлерге айналады (51-4-бап).

Енді ПИК ғимараттар мен құрылыстарға техникалық қызмет көрсетумен, жөндеумен және күтіп ұстаумен айналысатын мамандандырылған сервистік кәсіпорындардың рөлін атқарады. Оларды тек шарттық негізде және меншік иелерінің тапсырмалары бойынша қызмет көрсету шеңберінде ғана жұмылдыру мүмкін болады.

Осылайша, өзгерістер көппәтерлі үйлерді басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, азаматтардың лайықты өмір сүру жағдайларына құқықтарын қамтамасыз етуге және процестің барлық қатысушылары арасында міндеттерді әділ бөлуге бағытталған.

Басқарудың ешқандай түрі жоқ үйлерде тұрғын үй инспекциясы уақытша басқарушы компания тағайындауға құқылы екенін бөлек атап өткен жөн.

Уақытша компанияны іріктеу ықтимал басқарушы ұйымдар берген кемінде үш өтінімнің ішінен байқау негізінде жүргізіледі. Байқау қорытындыла-

ры бойынша тұрғын үй инспекциясы кондоминиум нысанын басқару міндеттерін өзіне алатын уақытша басқарушы компанияны тағайындайды.

Мұндай тағайындаудың маңызды ерекшелігі – оның уақытша сипаты. Басқарушы компания пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың иелері басқарудың тұрақты нысанын немесе осы функцияларды өзіне алатын субъектіні анықтағанға дейін ғана жұмыс істейтін болады.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКЕН БІР КҮН



26 қараша күні Қарағанды облысында «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында «Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасы бастау алды. Жоба барысында Саран қаласының полиция бөлімінің тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.



Zoom платформасы арқылы басталған ауқымды іс-шараға қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев, қоғамдық кеңестің төрағасы Серік Тлекбаев, саясаттанушы Серік Мұстафин, сондай-ақ қала депутаттары, белсенділер және Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледж бен Саран техникалық колледждің студенттері қатысты.

Қалалық полиция бөлімінің бастығы Асылбек Сейтжанов қатысушыларға іс-шара бағдарламасының мақсаты мен негізгі бағыттарын айқындап, топтардың жұмыс жоспарымен таныстырды. Өз сөзінде, өткен жылмен салыстырғанда биыл қала бойынша қылмыс саны шамамен 13 пайызға азайғанын атап өтті. Бұл күнделікті түрде атқарылып жүрген жүйелі жұмыстың жемісі екендігі жеткізілді. Кейін қалалық полиция бөлімінің ақпараттық саясат тобының инспекторы Жұлдыз Джумашева қатысушыларға биыл жөндеу жұмысынан өткен, іші жаңартылған полиция музейін көрсетті.

2021 жылы полиция ардагерлері мен қызметкерлерінің күшімен ашылған бұл музей қалалық полиция бөлімінің бірінші қабатында орналасқан. Музейдің қақ ортасында XX ғасырдан бері сақталып келген сол уақыттың жұмыс үстелі, сол кезеңде қолданылған техникалар мен қызметтік құралдары орналасқан. Ақ қабырғада Ішкі істер бөлімін басқарған басшылардың фотосуреттері, қызметін абыроймен атқарған полиция ардагерлері туралы мәліметтер және полиция бөлімінің тарихынан сыр шертетін түрлі стендтер орналастырылған. Жұлдыз Джумашеваның айтуы бойынша, музейдегі әрбір зат ерекше құнды. Себебі бұл жәдігерлер арқылы қалалық полиция бөлімінің қалыптасу тарихын, оның әр кезеңдегі қызмет жолын айқын көруге болады. Экспозициялар полиция қызметкерлері және ардагерлерінің ерлігі мен елеулі еңбегін көрсетіп қана қоймай, сол дәуірдің жұмыс ерекшелігін, қолданған техникасы мен құралдарын да жан-жақты таныстырады. Музей жинақтары – келешек ұрпаққа полиция қызметінің маңызын түсіндіруді, ардагерлердің өнегелі өмір жолын құрметпен дәріптеуді мақсат етеді.

Тағылымды таныстырудан соң, қалалық ПБ кезекші бөлімінің бастығы Нұрбол Ченгильбаев қатысушыларға оқу-жаттығу қару-жарақтарға және арнайы құралдарға шолу жасады. Колледж студенттері арнайы қорғаныс құралдарын байқап көру үшін үстілеріне оқ дәрі өткізбейтін кеудешені киіп, оның салмағы мен ыңғайлылығын өздері сезініп көрді. Ал ПБ жедел криминалистикалық тобының криминалисі Регина Набиева болса, жұмыс барысында қолданылатын арнайы құралдармен, саусақ іздерін анықтау тәсілімен таныстырды. Қалалық ПБ криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі Мақсат Майпасов қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі – интернет алаяқтыққа қатысты ақпарат бере отырып, киберқауіптерді анықтау және алдын алу тәсілдерін түсіндірді.

- Бұл өте маңызды іс-шара. Студенттеріміз полиция қызметкерлерінің жұмысымен жақын таныса алды. Менің ойымша, біздің студенттерге бұл шара ұнауда. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін, – деп атап өтті Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қалалық мәслихаттың депутаты Жанбол Жаяубав.

Сонымен қатар, қатысушылар жедел басқару орталығында болып, оның жұмыс жүйесімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Бір күнін полиция қызметкерлерімен бірге өткізу барысында олар учаскелік полиция инспекторларының, ювеналды полиция бөлімінің, жол-патрульдік полицияның және қоғамдық тәртіпті сақтауда алдыңғы шепте жүрген өзге де полиция қызметкерлерінің жауапты еңбегін өз көздерімен көрді. Тіпті, сот отырысына қатысып, құқықтық үдерістің қалай өтетінін бақылап, зор әсер алды.

Күн соңында қалалық полиция бөлімінде іс-шараның қорытынды жиыны өткізілді. Онда қоғам белсендісі, саясаттанушы Серік Мұстафин іс-шараның мән-маңыздылығын түсіндіріп, полиция қызметкерлерінің жұмысын жоғары бағалады. Өз сөзінде, полиция музейіне ерекше назар аударып, оның тәрбиелік мәнін атап өтті.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



Как хорошо, что рядом такие замечательные люди!

Есть в нашем городе люди, которые живут здесь с самого рождения и являются настоящими патриотами. Без громких слов они работают, занимаются общественной деятельностью, заслуживая уважение у земляков. Одним из таких горожан является Болат Айтмагамбетович Аброев. Сегодня он - пенсионер, но продолжает оставаться в строю - участвует во всех городских инициативах, стараясь решать насущные вопросы.



Болат Айтмагамбетовича знают в Сарани как главного врача санитарно - эпидемиологической службы. Именно в этой сфере он проработал более тридцати лет и знает об этой работе буквально все. Ведь это ответственное направление, связанное со здоровьем взрослых и маленьких горожан.

А начиналась его история еще в юности. Именно тогда, после окончания Карагандинского медицинского института, Болат Аброев получил направление в Торгайскую область, где отработал главным санитарным врачом в течение восьми лет. А уже с 1980 года - на аналогичной должности в Сарани. За столь внушительный стаж работы он сумел собрать вокруг себя настоящих единомышленников, а для молодых коллег стал примером преданности делу и ответственности. Ведь под крылом опытного руководителя выросло немало грамотных специалистов, которые с большой благодарностью вспоминают сегодня своего «шефа».

Надо сказать, что деятельный, инициативный, очень грамотный Болат Аброев и после выхода на заслуженный отдых не смог сидеть сложа руки. Тем более что и в обычной жизни, во время рабочих будней, он находил время, чтобы решать вопросы жителей нашего города. Например, он был председателем городской участковой комиссии, депутатом городского совета, а также первого созыва городского маслихата. А уже выйдя на пенсию, стал председателем Совета общественного согласия, Совета аксакалов. Кроме этого, вот уже который год он остается членом Общественного совета Сарани.

За добросовестный труд Болат Аброев награжден благодарственным письмом Президента Республики Казахстан, юбилейными медалями, благодарственными письмами акима нашего города. Является Отличником здравоохранения Республики Казахстан, Почетным гражданином

города Сарани.

- Родному городу нужно помогать. Вот мы с коллегами - ветеранами стараемся по мере возможности участвовать в общественной жизни. Мы видим как радуются наши жители, как растет и развивается Сарань. Открываются новые заводы, хорошие рабочие места. Я верю, что Сарань станет цветущим индустриальным городом с большими возможностями, - говорит Болат Аброев.

Стоит отметить, что Болат Айтмагамбетович рос в семье, где очень ценился труд и ответственность. Поэтому еще с самой юности он знал - нужно работать, чтобы достичь поставленных целей. Да и перед глазами всегда был его отец Айтмагамбет Аброев - яркий пример трудолюбия, двое братьев, которые были шахтерами.

- С 1948 по 1955 годы мой отец возглавлял Карагандинский областной финансовый отдел. В 1955 году уже в Сарани был назначен первым заведующим городским финансовым отделом. Там он проработал до самого выхода на заслуженный отдых в 1969 году, - рассказывает Б. Аброев.

Также Болат Айтмагамбетович вместе с супругой Саркыт Ормашевной построили теплый домашний очаг. Живут в мире и согласии больше 55 лет, воспитали троих детей. Есть у них и пятеро внуков. Сама Саркыт Ормашевна окончила Алма-Атинский институт иностранных языков. Много лет преподавала иностранный язык в школах нашего города.

Замечательно, когда рядом с нами такие люди - активные, неравнодушные, искренне болеющие душой за родной город. Мы поздравляем Болат Айтмагамбетовича с днем рождения! Пусть каждый день приносит Вам только позитивные эмоции, радость! Крепкого здоровья и благополучия!

Подготовлено редакцией
«Саран газеті»



Құрметті Болат Айтмағамбетұлы!

Саран қалалық мәслихаты Сізді 80 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Сіз еңбек жолын қатардағы маманнан бастап, мемлекеттік қызметтің көптеген белестерін бағындырдыңыз.

Сіз бірнеше жыл Саран қаласының санитарлық-эпидемиялық станциясын басқарып, кәсіби тәжірибесі мол, білікті басшы ретінде қала тұрғындарының өмірі мен денсаулығын сақтауға өлшеусіз үлес қостыңыз. Сіздің еңбексүйгіштік, біліктілік және жоғарғы жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттеріңіз үшін Сізге қаламыздың «Құрметі азаматы» атағы берілді.

Қалалық мәселелердің тиімді шешілуін қолға алып, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын ұдайы назарыңызда ұстап жүретініңізге куәміз.

Бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттеріңіздің арқасында Сіз қалалық Ақсақалдар ұйымының төрағасысыз, бірнеше жыл Қоғамдық кеңестің мүшесі болдыңыз, сіздің еңбек жолыңыз жас ұрпаққа нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Бүгінгі күні отбасыңызға адал жар, балаларыңыз үшін қамқор әрі ардақты әкесіз. Керегеніз кеңейіп, шаңырағыңыз байлыққа, шаттыққа тола берсін! Немерелеріңіз көбейе берсін, солардың қызығына шаттанып, жасыңызға жас қосыла берсін!

Қадірлі Болат Айтмағамбетұлы! Сізге зор денсаулық, амандық, сарқылмас күш-жігер тілейміз, әрдайым жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Ө. БАЙМАҒАНБЕТОВ,

Саран қалалық мәслихатының төрағасы



Құрметті Болат Айтмағамбетұлы!
Сізді 80 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Салтанатты мерейтойыңызда құттықтауларымызды қабыл алыңыз. Сізге серектік, шаттық, сәттілік және бақытты күндер тілейміз.

Әрқашан қозғалыста болуды және өмірдің өткен кезеңімен мақтануды, тағдырға алғыс айтып қол жеткізген және тапқан нәрсені бағалауды тілейміз! Мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Ж. ТОКУШЕВА,
«Ардагерлер ұйымы»
РҚБ Саран қалалық
филиалының төрағасы

**Құрметті Болат Айтмағамбетұлы!**

Сізді 80 жас - мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Өмір жолыңыз – елге адал қызмет етудің, парасат пен қайраттың, ұрпаққа үлгі боларлық өнегенің жарқын көрінісі.

Қаламыздың Құрметті азаматы ретінде Сіз атқарған игі істер, жауапкершілікпен жасалған еңбектер, халыққа деген шынайы ниетіңіз әрдайым құрметке лайық. Еліміздің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесіңіз бен жас буынға көрсеткен өнегеңіз – үлкен мақтаныш.

80 жас – даналықтың шыңы, ғұмырлық тәжірибенің мерейлі өткелі. Алдыңыздан әрдайым ашық есік, жақсылыққа толы жол, шаттыққа толы күндер күтіп тұрсын!

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, берекесі тілеймін. Әр күніңіз қуаныш пен шуаққа толы болсын!

Мерейтойыңыз құтты болсын!

С. ТЛЕКБАЕВ,
қалалық қоғамдық
кеңестің төрағасы

Уважаемый Болат Айтмагамбетович!

Примите самые сердечные поздравления с Вашим юбилеем! Ваш жизненный путь — это путь служения людям, профессионализма, ответственности и человеческого достоинства.

Вы всегда были человеком слова и дела, оставаясь преданным своему делу и своим принципам. Ваш труд, участие в жизни города и внимание к людям — пример для молодого поколения. Пусть этот юбилей станет светлой датой, наполненной теплом, уважением и искренними пожеланиями от тех, кто ценит и знает Вас. Желаю крепкого здоровья, благополучия, заботы близких и новых радостных событий. Пусть каждый день приносит мир, гармонию и вдохновение!

К. ОМАРОВ,
ветеран образования



Санитариялық саланың құрметті ардагері
Болат Айтмағамбетұлы 80 жас
мерейтойымен құттықтаймыз!

1980 жылдан бастап 30 жыл бойы Саран қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері болып қызмет атқарған Болат Айтмағамбетұлы Аброевтың белсенді қатысуымен жоғары деңгейдегі халыққа санитариялық-эпидемиологиялық қызмет көрсету жүйесі қалыптасты.

Оның жоғары құзыреттілігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің, жұмысқа жауапкершілікпен қарауының, тіл тапқыштығының арқасында Саран қаласындағы эпидемиологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған ең күрделі міндеттерді шешуге қабілетті санитариялық дәрігерлердің ұйымшыл ұжымы құрылды.

Болат Айтмағамбетұлы Аброев адалдық, жаңа, озық бастамаларды көре білу және қолдау, тапсырылған іске аса зор жауапкершілікпен қарау сияқты қасиеттерімен ерекшеленді.

Белсенді азаматтық ұстанымға ие болған Болат Айтмағамбетұлы Саран қаласының қоғамдық өміріне елеулі үлес қосты. Қала тұрғындарының құрметі мен сенімінің жарқын дәлелі - оның қалалық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып бірнеше рет сайлануы, «Аманат» партиясының белсенді мүшесі болуы, қалалық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы, облыстық Қазақстан

халқы Ассамблеясының мүшесі болып тағайындалуы.

Болат Айтмағамбетұлы халықтың игілігіне сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл медалімен», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл» мерейтойлық медалімен, Денсаулық сақтау министрі орынбасарының, қала әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» құрмет белгісімен марапатталған.

Сіздің сапалы қызметіңіз бен ұтымды істеріңіз, аса қарапайым мінезіңіз бен байыптылығыңыз, азаматтық бітім-болмысыңыздан үлгі алған шәкірттеріңіз бүгінгі күні өңірдегі санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету барысында үлкен еңбек атқарып жатыр.

Бұл - Сіздің қажырлы да шынайы еңбегіңіздің мәуелі жемісі деп білеміз!

Болат Айтмағамбетұлына зор денсаулық, ұзақ және бақытты ғұмыр, отбасылық бақыт тілейміз! Мерейіңіз үстем, мәртебеніз биік болсын!

«Саран қалалық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы» РММ ұжымы,
ҚР ДСМ «Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ РМК Қарағанды облысы бойынша филиалының
Саран қалалық бөлімшесінің ұжымы

» КУЛЬТУРА

29 ноября в конференц-зале Дома культуры нашего города состоялся своеобразный творческий дебют талантливой поэтессы Ольги Баксальяр-Рыбаковой. На встречу с саранской поэтессой приехали поэты из г. Темиртау, Караганды, Пришатаинска, Астаны.

Все хорошее идет от семьи. Мы убеждаемся в этом вновь и вновь. В многодетной семье Савиных родители уделяли большое внимание музыкально-эстетическому воспитанию детей: два брата Константин, Владимир и сестра Валентина посещали художественную школу, Оля - музыкальную. Что дало им в будущем большой простор для творчества. С 8 лет, будучи совсем маленькой девочкой, Оля принимала активное участие в конкурсах чтецов городского и областного уровня, получая заслуженные награды. И однажды у нее появилось желание написать свое стихотворение. Оно было об окружающей ее природе. И конечно же, первым читателем стала мама. Именно с её легкой руки, а в последующем (уже в старших классах) подруг, последовали новые стихи. Некоторые из них, переложенные

Моей любви живительный родник

Каждая встреча в Литературной гостиной «Поэтические кружева» - это непередаваемое волнение. Ведь ты выносишь свои стихи на суд ценителей и любителей поэзии, коллег по перу. Открываешь перед ними свое сердце, которое бьется за сто ударов в минуту. И несмотря на волнение, вместе с ними окунаешься в неповторимый мир поэзии, веря в чудодейственную силу поэтического слова.



на музыку, стали дворовыми песнями. Их исполнение под гитару было романтичным и незабываемым.

Затем длительное время был перерыв в творчестве. И с 2010 года - вновь возвращение в поэзию. Стихи публиковались на портале Проза.kz, Стихи.ru. К сожалению после закрытия портала Проза.kz большая часть стихов была утеряна. Опять

перерыв. Но душа требовала выхода эмоций, ей хотелось делиться ими с этим миром. Все это привело Ольгу Баксальяр-Рыбакову в Литературную гостиную "Поэтические кружева". И с 2024 года начинается новый виток творческой деятельности поэтессы: глубокий, содержательный и очень яркий. Она раскрывается не только как поэтесса, но и как блогер.

Именно О. Баксальяр - Рыбакова отвечает за социальные сети Литературной гостиной. И справляется с этой миссией достаточно успешно. Пишутся стихи, песни. Осуществляется перевод некоторых стихотворений на казахский язык. И вот уже ее творчество покоряет просторы интернета.

Творчество... Оно главенствовало в их семье. Поэтому не

стало удивлением, что и в семье самой Ольги также уделялось внимание поэзии и музыке. Дочь Полина начала писать стихи с 16 лет, получив поддержку от мамы. Ее стихи были опубликованы на интернет - площадках Стихи.ru, Проза.kz, Парнас. Полина принимала участие в поэтических коллаборациях с другими авторами. Сын Иван несомненно является



творческой личностью. Играет на музыкальных инструментах - гитаре и укулеле, в детском и подростковом возрасте также увлекался поэзией, пробовал писать стихи. Его девушка Полина, фактически равноправный член семьи, самобытный художник. Являясь студенткой Карагандинского колледжа искусств имени Таттимбета, совершенствует свое мастерство в данном направлении. Даже муж Андрей тоже приобщился к миру поэзии. Он стал ему более близок и понятен.

В ходе встречи присутствующие поэты, ценители и любители поэзии ознакомились с удивительными, уникальными поэтическими шедеврами, отображенными в видеороликах Ольги Владимировны.

И через них прочувствовали красоту и душевность ее внутреннего мира. Украшением встречи стали музыкальные номера в исполнении солистки хора ветеранов "Актасские зори" п. Актас Филатовой Екатерины Васильевны и её внучки Смагуловой Амели.

...2024 - 2025 годы стали особенно плодотворными в поэтической деятельности Ольги Баксальяр-Рыбаковой. Она стала номинантом 4-х национальных литературных премий в Российской Федерации. Её стихи представлены в двух конкурсных альманахах: "Дебют", "Георгиевская лента". Поэтесса награждена медалью А. Блока и Георгиевской медалью к 80-летию Победы.

Стихи Ольги Владимировны регулярно публикуются в республиканской газете "Газета для настоящих и будущих пенсионеров", они заняли достойное место в третьем выпуске Литературного альманаха "Летят по небу журавли Победы", посвященного знаменательной дате.

...На встрече, на глазах у всех происходило рождение талантливой поэтессы, которая в будущем займет достойную нишу в мире Поэзии и прославит любимый город, отчий дом.

Пусть Муза осеняет своим крылом, даря неповторимые мгновения зарождения ярких поэтических строк!

Татьяна СТРЕЛЬЧУК

Вашему вниманию предлагаются отзывы о встрече

Уважаемая Ольга Владимировна! Я очень рада была познакомиться с Вами и Вашим творчеством ближе. Открыла для себя чудесного талантливого поэта, человека с невероятной фантазией и мастерски владеющего пером. В Ваших стихах живёт свет, тепло, человечность, написаны они с душой и открытым сердцем. Живую струю в Ваш дебют внесли видеоролики на Ваши стихи. Это потрясающе! Я в восторге от Вашего таланта. Живите, творите, радуйте окружающих новыми стихами. Здоровья, мира и благополучия, тепла и уюта в Вашем доме.

Н. СКАЧКОВА

Любовь, нежность, свет, доброта - это только маленькая часть слов, которая возникает после прослушивания стихотворений Ольги Баксальяр-Рыбаковой. Уютный, тёплый, замечательный вечер прошёл в Доме Культуры города Сарани. Низкий поклон и огромная благодарность организаторам этого мероприятия. Я получила заряд позитива от выступления присутствующих поэтов. Спасибо всем!

АЛЕКСЕЕВА МАРИЯ, г. Караганда

Впечатления от встречи - потрясающие. Я открыла для себя новое имя в мире поэзии. Ольга Баксальяр-Рыбакова. Её стихи сопровождалась проникновенными чудесными слайдами, в которых прослеживалась глубина философской мысли. Спасибо ей за красоту слов, за мудрость, профессионализм. В рубрике "Открытый микрофон" звучали замечательные стихи о любви поэтов Темиртау, Караганды, Шахтинска, Сарани. Песня "Небо придумало женщину" в исполнении Е. Филатовой - солистки хора "Актасские зори" и шуточная песня "Васильки-ромашки" в исполнении её шестилетней внучки Амели заслуживали отдельных аплодисментов. Спасибо Стрельчук Татьяне Владимировне и Селивановой Юлии Борисовне за интересную, яркую встречу. Успехов вам, наши поэты-земляки. Вы лучшие!

Д. КНУТОВА

25 ноября я была на встрече с нашей саранской поэтессой Ольгой Баксальяр-Рыбаковой. Удивительная женщина - красивая, умная, талантливая. Стихи, песни, музыка - это не каждому дано, только избранным. Её творчество пронизано теплом, нежностью. Встреча прошла в дружеской атмосфере. Спасибо большое Т. Стрельчук. Она находит таких удивительно талантливых людей! Необыкновенный народ - поэты и писатели: все очень дружные, искренне радуются за успехи коллег по перу. Побольше бы таких людей и мир станет добрее. Всем творческого вдохновения!

ЕКАТЕРИНА ФИЛАТОВА

РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ



В ТОО «SUNPAPER» ТРЕБУЮТСЯ:

- УКЛАДЧИК-УПАКОВЩИК
- ОПЕРАТОР
- УБОРЩИЦА
- РАЗНОРАБОЧИЙ
- ГРУЗЧИК



ОФИЦИАЛЬНОЕ ТРУДОУСТРОЙСТВО
В СООТВЕТСТВИИ С ТК РК



ПИТАНИЕ



РАЗВОЗКА



ТРЕНАЖЕРНЫЙ ЗАЛ



КОНТАКТНЫЙ НОМЕР:

+7 775 282 90 18

ЗВОНИТЬ В БУДНИ С 08:00 ДО 17:00

Продается 1-к квартира в центре п. Актас.
С евроремонтом, всё в шаговой доступности, кухня с мебе-
лью. Цена: 6 млн. тенге.
Т.: 8-708-545-82-18.

Продам квартиру, 1 мкр. д. 2, 3 эт., 3 комн., 61 кв. м.
Т.: +7-702-528-76-13

На постоянную работу требуется разнорабочий, мож-
но пенсионного возраста (студентов, школьников не
беспокоить), на неполный рабочий день. Город Сарань,
тел.: 8-775-160-11-54/

Продается электрогенератор бен-
зиновый HUTER DY 3000LX.

Напряжение 220В, частота 50Гц, мощ-
ность 2,5 кВа, бензин АИ – 92. Генератор
б/у, в отличном состоянии, практически
не использовался. Для бензина АИ – 92.
Заводится при помощи ключа.

Телефон: 8-700-673-78-66 (WhatsApp)



Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, де-
зинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32.
Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 02.09.2025 года открылось наследственное дело
после умершего 29.06.2025 года Окумова Ерболата Габдуалиевича. Всем наследникам
умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору г.Сарани в срок до
29.12.2025 года.

Лицензия № 14018231 от 05.12.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 29.11.2025 года открылось наследственное дело
после умершего 28.07.2025 года Базалик Александра Николаевича. Всем наследникам
умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору г.Сарани в срок до
28.01.2026 года.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

На LED-ЭКРАНЕ
в центре города

«КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис» уведомляет своих потребителей,
что согласно приказа ДКРЕМ Министерства национальной экономики
РК по Карагандинской области № 136-ОД от 28.11.2025 г. и № 138-ОД от
28.11.2025 г. с 1 января 2026 года вводятся в действие тарифы:

- на услуги подачи воды по распределительным сетям в размере 128,16
тенге за м3 без учета НДС;
- на услуги по отводу сточных вод в размере 173,63 тенге за м3 без учета
НДС, в том числе по группам потребителей: для физических лиц - 145,19
тенге за м3 без учета НДС, для прочих потребителей – 175,91 тенге за м3
без учета НДС, для бюджетных организаций – 442,95 тенге за м3 без учета
НДС».



ANTIKOR

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции
(Антикоррупционная служба)

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ,
ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ

CALL-ЦЕНТР

1424

ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ

#ПАРАБЕРМЕ

АДАМ САТУДАН
САҚТАНЫҢЫЗ

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА
ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА
ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ
БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН
ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ
ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ
КОНСУЛЬТАЦИЮ
ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО
ВЬЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА
ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ
КАЗАХСТАНА!

11616
ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ



11616
ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

**ХОТИТЕ СКАЗАТЬ «СПАСИБО»,
ПОЗДРАВИТЬ РОДНЫХ
ИЛИ ПРОДАТЬ КВАРТИРУ?**

**ВЫ МОЖЕТЕ
СДЕЛАТЬ ЭТО:**

- НА СТРАНИЦАХ НАШЕЙ ГАЗЕТЫ
- В НАШЕМ INSTAGRAM ПРОФИЛЕ
- НА ГОРОДСКОМ LED-ЭКРАНЕ

**ЧТО ДЛЯ ЭТОГО
НУЖНО?**

Просто напишите
нам на WhatsApp
или приходите
в нашу редакцию -
мы сделаем всё
быстро, удобно
и с душой.

+7-778-207-10-06

saran_today

Адрес редакции газеты:
ул. Жамбыла, 69/1

*Услуги размещения объявлений платные



ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Поздняя осень – пора мудрых мыслей, осмысление прожитой жизни. И вступление в зимнее время – время умиротворенности и спокойствия во всем: в жизни, в делах, в судьбе.

Поздравляем с юбилеем уважаемых ветеранов:

Герасимову Людмилу Валентиновну – 70 лет;

Романюк Татьяну Григорьевну – 70 лет;

Нурмаганбетову Насыл Садыковну – 70 лет;

Бегину Валентину Николаевну – 75 лет;

Хохлову Веру Федоровну – 85 лет.

Ноябрьских именинников:

Патрину Любовь Ивановну, Рудковскую Людмилу Васильевну, Шабрину Марию Васильевну, Станкевич Ольгу Григорьевну, Гейнц Веру Андреевну, Горбаева Геннадия Николаевича, Агафонову Светлану Яковлевну, Тугамбаеву Розу Мауленовну, Ворохобину Любовь Михайловну, Демченко Валентину Николаевну, Бурау Веру Михайловну, Алиеву Фатиму.

Жизненных сил, энергии и отменного здоровья.

А. Бактыбаев,

руководитель ГУ "Отдел образования" г. Сарани

О. Свиргун,

председатель первичной организации работников образования

А. Жамбеисова,

председатель профсоюза работников образования "Білім"

» МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы



Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір – қасиетін бағалай білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл халықтың жаны, тұтастай кескін – келбеті, ұлттық болмысы.

Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас

туы.

Тәуелсіздік алғаннан бері тіл саясаты қарқынды жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында, мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар кеңінен өткізілуде. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, ана тіліміздің мәртебесін асыруға атсалысайық!

Ж. ДЖУМАШЕВА,

Саран қаласының полиция бөлімі

**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

**На LED-ЭКРАНЕ
в центре города**

**БУДЬТЕ В КУРСЕ
ВСЕХ НОВОСТЕЙ
В ГОРОДЕ!**

Саран газеті

праздником Великой Победы
с 20 декабря 1999 года

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

8 мая 2015 года ПЯТНИЦА № 20 (195)

» СПОРТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Саран қаласының балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебінің тәрбиеленушісі халықаралық турнирдің жүлдегері атанды.

Таяуда Атырауда грек-рим және еркін күрес түрлерінен жасөспірімдер арасында «Мұнайлы астана кубогы» халықаралық турнирі өтті. Оған 2009, 2010, 2011 жылдары туған жасөспірім ұлдар ғана қатыса алды.

Атырауда мықты жарыс өтті. Оған Қарағанды облысы атынан екі команда болып бардық. Бірі - Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі болса, екіншісі Саран қаласынан, - деп атап өтті Саран қаласының балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебінің жаттықтырушысы Сүндет Бектибаев.

Халықаралық турнирде қаламыздан үш жас палуан өз күшін сынап көрді. 48 келі салмақта өнер көрсет-

кен Қадыржан Қайрат Әзірбайжандық спортшыдан жеңіліс тапса, дәл осы салмақта екінші жерлесіміз Артем Константинов керемет өнер көрсетіп, Ақтөбе мен Алматы облыстарынан келген қарсыластарын жеңіп, финалға шығуға сәл қалғанда Әзірбайжан палуанына жол берді. Дегенмен, 3-орын үшін өткен тартыста Артем Константинов Қызылордалық қарсыласын 9:0 есеппен, айқын басымдылықпен жеңіп, қола медальға ие болды. Ал 55 келі салмақ дәрежесінде күш сынаған жерлесіміз – Мәди Шәкен бірінші кездесуінде Атырау қаласынан келген қарсыласын жеңіп, келесі айналымда Ақтөбелік спортшыға жол берді.

Артем Константинов – Саран қаласының тумасы, №2 жалпы білім беретін мектептің түлегі, Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледждің студенті, Саран қаласының балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебінде грек-рим күресімен айналы-



сып жүргеніне 5 жылдан асты. Биылға жетістіктері де айтарлықтай. Ақмола облысының Жақсы ауылында болған Т.А. Уәлиев атындағы «Спорттық мектеп» ЖШС жүлдесіне арналған грек-рим күресінен республикалық турнирде топ жарып, 1-орынмен марапатталды. Сонымен қатар ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ш. Харисовты еске алуға арналған республикалық турнирде де 48 келі салмақ дәрежесінде жеңіске жетіп, чемпион атанды.

Саран қаласының балалар мен

жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебінің грек-рим күресінен жаттықтырушылары әр жаттығуға ерекше назар аударады. Дәл қазіргі уақытта жас спортшылар 2026 жылда өтетін Қазақстан чемпионатына қызу дайындық үстінде.

Жерлестерімізге сәттілік тілейміз! Тәртіп пен табандылық болса, кез келген мақсатқа жетуге болады. Барлығыңызға биік белестер мен жарқын жеңістер тілейміз.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Саран газеті	Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА	Газета зарегистрирована в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Республиканское государственное учреждение "Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан" Свидетельство № КЗ82УР/00121101 от 06.06.2025 г. (номер и дата первичной постановки не ут. 10.02.2006 г., 094047)	Собственник: ТОО «Саран тынысы»	Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru	Выходит один раз в неделю, форматом А3 Тираж 760 Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас	Газета набрана и сверстана в редакции	Отпечатано в ТОО "Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15 Печать офсетная. Заказ № 97-98	Опубликованные матери- алы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публика- циях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.
----------------------------	---	---	---	--	--	--	--	--